

«Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы комуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлерімен отырысының аға дәрігерлері, дәрігерлер, аға аяжандар, орта буын медицина қызметкерлерімен бірлескен отырысы

## **Хаттамасы №2**

Қызылорда облысы  
Шиелі кенті.

Шиелі ауданы  
14.03.2025 ж.

**Қатысқандар:** «Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның Аға дәрігерлерімен, дәрігерлер, орта буын, есепшілер, сатып алу бөлімінің қызметкерлері.

Барлығы : 67 қызметкер

**Жиналыс төрағасы: Қ. Шәукебаев** бас дәрігердің БМСК жөніндегі орынбасары

Хатшы: Р.Нұрманов

### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

«Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық құқық бұзушылықтар және заң бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән жайларды болдырмау және жою.

Сөз сөйлегендер.

1.«Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ның бас дәрігердің орынбасары **Қ. Шәукебаев**

2.«Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы»ның персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы **Ә.Ғ.Мақұлбеков**

**Қ. Шәукебаев:** Қазіргі уақытта сыбайлас-жемқорлық әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да тамырын жайып отыр. Сыбайлас-жемқорлық экономикалық дамуға, залалын келтіруде. Қазақстан Республикасының Президентінің әр жылғы Жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу, бұл дертпен бүкіл қоғам болып күресу қажеттілігі айтылып келеді. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын-алу және оны жасаған кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту прокаратура, ұлттық қауіпсіздік,

ішкі істер, салалық, кеден және шекаралық қызмет қаржы және әскери полициясы органдарымен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қылмыстың жасалу орны мен уақытына қарамастан құқық қорғау органдарында тәулік бойы қабылданады.

**Ә.Ғ.Мақұлбеков:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек біздің еліміздегі ғана емес сондай ақ дүние жүзіндегі актуальды бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық әр түрлі сипатта болады. Соның ішіндегі ең қауіптісі-парақорлық. Әрине сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттерде тамырын тереңге жіберген. Сондықтан онымен күресу ымырасыз, тоқтаусыз және барынша қатал түрде жүргізілуі тиіс. Сондықтан да құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесіп ымырасыз күрескеніміз дұрыс деп есептеймін.

**Жиналыс төрағасы.**

**Бас дәрігердің**

**БМСК жөніндегі орынбасары**

**Жиналыс хатшысы:**

**Қ. Шәукебаев**

**Р.Нұрманов**